



FTAMP 14.35.07
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-151-2-177-194>

Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Е.А. Иманбакиев^{1*}, Н.С. Алгожаева²

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан

(E-mail: *11988_era_88@mail.ru)

Аңдатпа. Болашақ кәсіби қызметінде адамдардың әр түрлі категорияларымен жұмыс жасайтын әлеуметтік педагог үшін, эстетикалық мәдениетті қалыптастыру кәсіби жұмысын оңтайлы ұйымдастыруға көмектесіп қана қоймай, әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешуде көркемдік әдістерді қолдануына да мүмкіндік береді. Әлеуметтік педагогикалық қызметте эстетикалық мәдениет тұлғаның дамуына, құндылықтарының қалыптасуына, қоршаған әлемді эмоционалды қабылдауына және басқа адамдармен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына ықпал етуімен маңызды. Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үдерісін жүйелендіру үшін оның әдіснамасын негіздеу қажет. Осыған сәйкес, мақаланың мақсаты – болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын негіздеу. Мақалада әдіснамалық тұғырларды негіздеуден бұрын, эстетикалық мәдениет және оның әлеуметтік педагогикалық қызметтегі маңыздылығы отандық және шетелдік ғылыми педагогикалық еңбектердің аясында талданып, әлеуметтік педагогикалық қызметтегі эстетикалық мәдениеттің маңыздылығының моделі ұсынылады. «Әдіснамалық тұғыр» ұғымы әдіснамашы ғалымдардың зерттеулері негізінде «қойылған зерттеу міндеттемелерін шешудің негізгі жолы, сондай-ақ шешімдердің бағыты мен стратегиясы» ретінде анықталды. Мақаланың негізгі бөлімінде, болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары ретінде, зерттеудің негізгі мәселесін шешу мақсатында таңдалған, бір-бірімен өзара байланысты болып келетін мәдени-антропологиялық, аксиологиялық, жүйелік, іс-әрекеттік-семантикалық, құзыреттілік, кешенділік тұғырлар айқындалды. Бұл әдіснамалық тұғырлар табысты әлеуметтік педагогикалық тәжірибе үшін қажетті студенттерді оқытуға және олардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға кешенді көзқарасты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Түйін сөздер: әлеуметтік педагогтарды даярлау, эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, әдіснамалық тұғыр.

Кіріспе

Қазақстан қоғамының қазіргі даму жағдайында мәдениет өте маңызды рөл атқарады. Ол қоғам өмірінің рухани саласының жүйелі сапасы ретінде әрекет етеді. Бүгінгі күннің объективті шынайы көріністері негізінде, рухани мәдениет пен адамгершіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз етпей, материалдық-өндірістік саланың күрделі мәселелерін шешу, барлық азаматтардың бірлігіне қол жеткізу, елдің тәуелсіздігі мен дербестігін, сондай-ақ оның өркендеуін қамтамасыз ету мүмкін емес.

Эстетикалық мәдениет, рухани мәдениеттің маңызды компоненті ретінде, адамгершілік, ғылыми іс-әрекет мәдениетімен қатар тұрады. Эстетика ғылыми термині ежелгі грек тілінен «сезінуші, сезімдік қабылдау» деп аударылады. Эстетикалық мәдениет – бұл белгілі бір іс-әрекетте, мінез-құлықта игеріліп, сол салада жүзеге асырылатын тұлғаның эстетикалық білімі, білігі мен дағдыларының жүйесі. Сондай-ақ, адам әлеммен тек тіршілік етудің тұрақты механикалық және физикалық процесінде ғана емес, эстетикалық мәдениет негізінде мәдени өнімдерді сіңіру догмалары мен призмаларын кеңейте отырып, оларды өздігінен көбейту, тарату арқылы байланысады.

Эстетикалық мәдениет – тек зерттеуде ғана емес, сонымен бірге адамның қабылдауы үшін де оңай болмайтын сезім жүйесі. Эстетикалық мәдениеттің жағымды әсерінен адам өз тұлғасын аша алса, оны жеткіліксіз қабылдау, керісінше, тұлғаның тұйықталуына әкелуі мүмкін. Эстетикалық мәдениет ішкі үйлесімділікті реттей отырып, «тұлға-қоғам», «тұлға-табиғат», «тұлға-тұлға» байланыстарындағы үйлесімділіктің болуын реттейді. Эстетикалық мәдениет адам баласына ерте жасынан-ақ, жалпыға бірдей нормалар мен ережелер негізінде, қоршаған әлемнің сұлулығын қабылдауды үйретеді. Жалпыға бірдей нормаларға сәйкес болғанымен, өзіндік идеалды таңдауда субъективті көзқарастар қалыптасып, олар жанр, стиль мен жаңа бағыттардың пайда болуына алып келді.

«XX ғасырда Мейманның еңбектері негізінде эстетикалық мәдениет жеке ұғым ретінде сипатталғанымен, оған қатысты тікелей ғылыми жаңалықтар болмады. Кейіннен, көптеген ғалымдар, өнертанушылар, суретшілер эстетиканың адам өміріне, қоршаған әлеммен үйлесімділігіне, адам мен қоғамның өзара әрекеттесуіне әсерін зерттеді» (Ежова, 2021).

Шетелдік ғалымдар А.Х.Свентек пен М. Шесняк эстетикалық мәдениеттің қалыптасуында «эстетикалық интеллекттің» маңызы зор екендігін зерттеп, оның негізгі компоненттеріне:

- сұлулықты байқау қабілеті, яғни адамның күнделікті ортадағы эстетикалық ынталандыруға сезімталдығы (эстетикалық диапазон);
- эстетикалық тәжірибенің тереңдігі, яғни эстетикалық ынталандырумен байланысының қарқындылығы;
- сұлулықты интеграциялау қабілетін жатқызады (Świątek and Szcześniak, 2023).

Мұндағы үшінші компонент – сұлулықты интеграциялау қабілеті әлеуметтік педагогикалық қызметті эстетикалық формада ұйымдастырудың басты қайнар көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушысы 2022 жылдың 15 желтоқсанындағы №500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіптік стандартындағы әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметінің білік пен дағдыларына сәйкес, әлеуметтік

педагог білім алушылардың бос уақытын және шығармашылық іс-шараларын игеруіне бағытталған жұмыстарды ұйымдастыруда құзыреттіліктерге ие болу керек (ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2022).

Сондай-ақ қазақстандық білім берудің бағдарламалық құжаттарында қазіргі кезеңдегі білім беру сапасының өсу шарттарының бірі ретінде – жеке тұлғаны рухани тәрбиелеу мақсатында этикалық қағидаттар мен эталондарды қалыптастыру және дамыту құралы ретінде, өнердің моральдық әлеуетін кеңінен қолдану қажеттілігі атап өтіледі. Бұл ереже өсіп келе жатқан ұрпақты әлеуметтік педагогикалық бейімдеуде, қолдау көрсетуде, олардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыратын көркемдік-педагогикалық білім мен кәсіби дайындығы саласындағы стратегиялық жоспардың қажеттілігін байқатады.

Әлеуметтік педагог өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуына тікелей әсер ететін маман болғандықтан, кәсіби педагогикалық, әлеуметтік педагогикалық, педагогикалық-психологиялық құзыреттіліктерден бөлек, өнердегі және қоршаған әлемдегі сұлулықты бағалаудың нақты критерийлері бар моральдық-эстетикалық бағдарларға ие болуы керек. Сондай-ақ педагогикалық шеберліктен де тыс, әлеуметтік педагог оңтайлы әлеуметтік педагогикалық бейімдеуде, жасөспірімдерді әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдауда эстетикалық мәдениетті тасымалдаушы ретінде де, өз қызметін шеберлікпен жүзеге асыруы тиіс.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың басты көзі – өнер. Өнердің түрі көп, сондықтан оның мәнін толықтай ашып, нақты сипаттама жасайтын анықтаманы табу қиын. Музыка, театр, әдебиет, сәулет өнері, мүсіндеу, кескіндеме, кино – бәрі де өнер. Өнер – эмоция мен сезімнің тілі. Ол адамға танымның жаңа қырларын ашып, тұлғаның жан-жақты дамуына, дүниетанымының қалыптасуына көмектеседі, сондай-ақ өзгермелі әлемде әлеуметтену дағдыларын қалыптастыруға да септігін тигізеді.

Эстетиканы зерттеуші заманауи ғалымдар оны өнерден ажыратуға тырысады. Мысалы, М. Вихалем (Vihalem, 2018), М.И. Резальди және т.б. авторлардың (Rezaldi and etc., 2020) ойынша, заманауи эстетика өнердің мәні мен мәртебесінің негізі болып саналатын философиялық эстетикадан көркемдік тәжірибелерді сүйемелдеу, түсіндіру және талдау үшін қызмет ететін эстетикалық дискурстарға өтуі керек. Дегенмен, авторлардың пікірлері, өнер туындыларын бағалаудың нақты жүйесінің белгіленбеуінің себебінен, әлі де толықтай талқылауларды қажет етеді деп санаймыз.

Бейнелеу өнерінің туындысын жасау процесінде автор кейбір еңбек операцияларына, логикалық қорытындыға келмейтін, сайып келгенде, жеке басының кейбір аспектілерін білдіретін, өз қиялына ғана мәлім бейнені суреттейді. Анығында, нақ осы ерекшелік оның өнімдеріне жаңашылдық, бірегейлік, құндылық беретін фактор болып табылады. Шығармашылық өнім шығарманың жасалған дәуірі туралы, сондай-ақ тарихи, әлеуметтік немесе саяси оқиғалар мен жағдайлар туралы, автордың әлем мен қоғамның бейнесін жеке қабылдауы туралы жалпы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін көптеген ақпаратты сақтайды. Дегенмен, бейнелеу өнерінде суретші-шеберлер, салу әдістері, техникалары, суретті түсіндіру мен түсіну, белгілі бір оқиғаларға көзқарастар өзгергенімен, басты заңдылық – ұзақ уақыт ойлануды, саралауды талап ететін суреттердің жасырын мәні өзгермейді.

Осы тұста, К. Стайкидистің: «көркемдік білім берудегі лонгитюдті зерттеу тәжірибелерінің маңыздылығы уақыт өте келе өзге жас зерттеушілердің аға буын

ғалымдарының зерттеу траекторияларының мәнін ұстану арқылы туындайды» (Staikidis, 2024) деген бейнелеу өнері ғылымы аясындағы лонгитюдті зерттеулердің маңыздылығына қатысты пікірімен толық келісеміз.

Бүгінгі таңда бейнелеу өнері көркем өнер бағытындағы білім, білік, дағдыларды қалыптастырумен ғана шектелмей, тәрбие құралы ретінде де қарастырылады. Осы тұста, мақаланың мақсаты болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын негіздеу болып табылады. Мақала мақсатына сәйкес міндеттер айқындалады:

1) Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын талдау;

2) «Әдіснамалық тұғыр» ұғымына теориялық талдау жасай келе, болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын негіздеу, талдау.

Материалдар мен әдістер


Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын негіздеуде, ең алдымен, эстетикалық мәдениет және оның әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі маңыздылығы аясындағы отандық және шетелдік ғылыми педагогикалық еңбектерге теориялық талдау жүргізіліп, мемлекеттік құжаттар аясында әлеуметтік педагог маманының лауазымдық міндеттері талқыланды. Сондай-ақ әлеуметтік педагогикалық қызметтегі эстетикалық мәдениеттің маңыздылығы модельдеу әдісі негізінде айқындалды. Теориялық мәліметтер жүйеленіп, жинақталып, жіктеліп, болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары негізделді. Жалпы алғанда, мақала жазу барысында зерттеудің теориялық әдістері кеңінен қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың мәні мен мазмұнын анықтауда әлеуметтік педагогикалық қызметке эстетикалық мәдениеттің қаншалықты қажет екендігін, жалпы әлеуметтік педагогикалық іс-әрекетке эстетикалық мәдениеттің қажеттілік деңгейіне талдау жасап көрелік. Ол үшін алдымен әлеуметтік педагогтың қызметіне қысқаша сипаттама жасап өткеніміз абзал.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына сәйкес, әлеуметтік педагог қызметінің негізгі мақсаты – білім алушыларды тәрбиелеуді, бейімдеуді және әлеуметтендіруді әлеуметтік-педагогикалық, ақпараттық және құқықтық қолдауды қамтамасыз ету (ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2020). Сондай-ақ бұйрыққа сәйкес, білім беру мекемелеріндегі, әсіресе мектептегі әлеуметтік педагогтың негізгі қызметі (Сурет 1):

1. Білім алушыларды бейімдеуге әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету;
2. Білім алушыларды әлеуметтендіруге әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету;
3. Материалдық көмек көрсету жағдайларын қамтамасыз ету болса; қосымша қызметі – оқу-тәрбие іс-шараларын іске асыруға қатысу болып табылады.



**Сурет 1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
«Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әлеуметтік
педагогтың кәсіби қызметі және міндеті**

Ескерту: ҚР Білім және ғылым министрінің «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» бұйрығы негізінде құрастырылды


Болашақ әлеуметтік педагогтың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы негізгі түпкі мақсат білім алушыларды эстетикалық әлеуметтік педагогикалық ортада білім алуы мен олардың бойына эстетикалық мәдениетті дарыту екендігі белгілі. Сол себепті де, әлеуметтік педагогтың қызметі эстетика негіздеріне сүйене отырып жүргізілуі үшін, маман қызметіндегі эстетикалық мәдениет үлгісі өте маңызды. Бұл тұста, 2-суреттегі әлеуметтік педагогикалық қызметтегі эстетикалық мәдениеттің маңыздылығының моделіне назар аударғымыз келеді. Модельден әлеуметтік педагогтың негізгі қызметіне эстетикалық мәдениетті интеграциялау тәсілдері арқылы эстетикалық мәдениеті жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыру нәтижесіне жету мүмкіндігін көреміз.

Эстетикалық мәдениеті жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын дамыту үшін олармен жұмыс жасайтын маманның эстетикалық мәдениетінің жоғары деңгейде болу қажеттілігі айтпаса да белгілі. Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастыру үдерісі оның әдіснамалық негіздерін айқындауды қажет етеді.

Әдіснамалық тұғыр әдіснамалық ұстанымдар, зерттеудің тұжырымдамалық негізіне алынатын зерттеудің логикасы (зерттеудің ғылыми аппараты, зерттеудің түсініктік аппараты, зерттеудің өлшемдік аппараты) сияқты әлеуметтік педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық негізінің бөлігі болып табылады. Әдіснамалық тұғыр дегеніміз – қандай да бір педагогикалық мәселені зерттеуде қолданылатын ұстанымдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы.

Әдіснамашы ғалым, профессор Ш.Т. Таубаева бойынша әдіснамалық тұғыр «қойылған зерттеу міндеттемелерін шешудің негізгі жолы, сондай-ақ шешімдердің бағыты мен стратегиясы» ретінде сипатталады (Таубаева, 2016). Әдіснамалық тұғырлардың құрылымы мен мазмұны ғалымның «Педагогика әдіснамасы» атты оқу құралында да толықтай ашып көрсетілген (Таубаева, 2013). Ғалым аталмыш еңбегінде заманауи білім беру парадигмасы аясында педагогикалық зерттеулерде көп қолданысқа ие

болатын жүйелілік, парадигмалық, синергетикалық, құзыреттілік, квалиметриялық, инновациялық тұғырларға түсіндірме жасайды.




Сурет 2. Әлеуметтік педагогикалық қызметтегі эстетикалық мәдениеттің маңыздылығының моделі

Ескерту: зерттеу материалдары бойынша авторлардың құрастыруы

Зерттеу жұмысы негізделетін әдіснамалық тұғырлар әдіснама ғылымындағы философиялық, жалпы ғылыми, нақты ғылыми деңгейлерінің классификациясы негізінде айқындалды.

Біздің зерттеу жұмысымыздың философиялық деңгейдегі әдіснамалық тұғырларын «әлеуметтік педагогтарды даярлау», «студенттің (болашақ педагогтың) эстетикалық мәдениетін қалыптастыру», «тұлғаны эстетикалық тәрбиелеу» мәселелерінің мәнін ашатын жалпы диалектикалық заңдылықтар, философиялық, педагогикалық және психологиялық зерттеулер құрайды. Жалпы ғылыми деңгейдегі әдіснамалық тұғырларды мәдени-антропологиялық, аксиологиялық, жүйелік, іс-әрекеттік-семантикалық, құзыреттілік, синергетикалық, педагогикалық құбылыстарды зерттеудегі кешенді тұғыр құрайды. Тұлға құрылымы мен мотивация теориясы туралы психологиялық ілімдер, эстетикалық тәрбие туралы теориялар, педагогикада өнердің элементтерін қолдану тұжырымдамалары нақты ғылыми деңгейдегі әдіснамалық тұғырларды құрайды (Сурет 3).



Сурет 3. Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері негізінде қалыптастырудың әдіснамасы (әдіснамалық тұғырлары)

Ескерту: зерттеу материалдары бойынша авторлармен құрастырылды

Әдіснаманың жалпы ғылыми деңгейін мәдени-антропологиялық (М.М. Бахтин, В.С. Библер, П. С. Груевич, А. В. Дистерверг, К. Д. Ушинский және т. б.), аксиологиялық (Ю.Б. Боров, А.В. Гулыга, В.П. Тугаринов, И.Ф. Исаев, А.В. Кирьякова, Н.С. Розов, В.А. Слостенин және т.б.), педагогикадағы жүйелік (В.Г. Афанасьев, И.В. Блауберг, В.П. Беспалько, Л. А. Зеленов, М.С. Каган, П. Сорокин, А.Т. Куракин, Л.Н. Новикова, Н.В. Кузьмина, А.П. Ковалев, Я. Скалкова, С.И. Архангельский, В.П.Беспалько, Н.В. Бордовская, Т.Г. Галиев және т. б.), іс-әрекеттік-семантикалық (К. А. Абульханова-Славская, Б. Г. Ананьев, А. Г. Асмолов, М. Я. Басов, Л. М. Божович, Л.С. Выготский, А. Н. Леонтьев, П.И. Пидкасистый, С. Л. Рубинштейн, Д. Б. Эльконин, Г.И. Щукина, В.С. Ильин және т. б.), құзыреттілік (Д. Равен, А.В. Хуторской, И.А. Зимняя, В.А. Слостенин, Л.М. Митина, С.Е. Шишов, В.Д. Шадриков, Ш.Т. Таубаева, Б.Т. Кенжебеков, Д.П. Мучкин, Ж.Р. Баширова, Ш.К. Жантілеуова, А.Т. Абдухаирова, А.И. Купчишин, А.К. Мыңбаева, Т.А. Шмыгалева, К.С. Құдайбергенова, Б.Т. Барсай және т.б.), педагогикалық құбылыстарды зерттеудегі кешенді тұғыр (Ю.К.Бабанский, М.М. Поташник, И.С. Марьенко және т.б.) қамтиды.

Әдіснаманың нақты ғылыми деңгейінде тұлға құрылымы мен мотивация теориясы туралы психологиялық ілімдер (К.А. Абульханова-Славская, Л.И. Божович, Е.П. Ильин, А.И. Леонтьев, Б.Ф. Ломов, А.Г. Маслоу), эстетикалық тәрбие туралы теориялар (И.Ф. Шиллер, И. Кант, Дж. Дьюи, В.А. Сухомлинский, Л.С. Выготский, Ж. Руссо, Г.Ф. Гегель, А.С. Макаренко, А. Құнанбайұлы, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов және т.б.), педагогтың кәсіби қызметі, дамуы және шығармашылық әрекеті туралы тұжырымдамалар (А.В.

Баранников, Э.Ф. Зеер, М.И. Скаткин, Е.А. Климов, В.Д. Шадриков, Л.И. Шумская, В. П. Беспалько, Б. Ф. Ломов, К. Платонов, Б.А. Тұрғынбаева, О.Б. Пирожкова, Н.К. Кибатаева және т.б.) негізге алынды.

Жоғарыда аталған ғалымдардың ғылыми көзқарастарына сүйене отырып, болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары ретінде, зерттеудің негізгі мәселесін шешу мақсатында таңдалған, бір-бірімен өзара байланысты болып келетін мәдени-антропологиялық, аксиологиялық, жүйелік, іс-әрекеттік-семантикалық, құзыреттілік, кешенділік тұғырлар айқындалды (Кесте 1).

Кесте 1. Бейнелеу өнері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы әдіснамалық тұғырлардың сипаттамасы

№	Әдіснамалық тұғыр	Сипаттамасы
1	Мәдени-антропологиялық тұғыр	Эстетикалық мәдениет адамның қоршаған мәдени кеңістікпен өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл тұғыр аясында бейнелеу өнері студенттерге мәдени дәстүрлердің ерекшеліктерін түсінуге, сондай-ақ әртүрлі халықтар мен дәуірлердегі көркемдік тәжірибелердің тарихы мен дамуымен танысуға көмектеседі. Студенттер бейнелеу өнерін игере отырып, адам өмірінің мәдени және антропологиялық аспектілерін, өнердің мәдени құндылықтарды жеткізуші құрал екенін түсінеді.
2	Аксиологиялық тұғыр	Бейнелеу өнері студенттердің кәсіби және жеке іс-әрекеттерінің негізі болып табылатын эстетикалық құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл тұрғыда өнер талғам мен сезімді дамытудың тәсілі ғана емес, адамгершілік бағдарларды қалыптастыру құралына айналады. Өнер туындылары, ондағы құндылықтар мен мән-мағына туралы ойлану студенттерге өздерінің жеке құндылықтары мен қоғам құндылықтары туралы білімін дамытуға көмектеседі.
3	Жүйелік тұғыр	Жүйелік тұғыр бейнелеу өнерінің басқа пәндермен байланысын ескере отырып, жалпы білім беру процесіне біріктіруге мүмкіндік береді, бұл білімді тереңірек қабылдауға және игеруге ықпал етеді. Тұғыр студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үшін тиімді және көп қырлы орта құра отырып, білім беру процесінің барлық компоненттерін есепке алуға көмектеседі.
4	Іс-әрекеттік-семантикалық	Бұл тұғыр студенттерді өнер туындыларын жасау мен түсіну үдерісіне белсенді тартуға бағытталған. Студенттердің өнерді қабылдап қана қоймай, оны өздігінен белсенді түрде жасауы маңызды, бұл өнерге жеке көзқарасты қалыптастыруға, өзін-өзі көрсету қабілетін дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ бұл тұғыр өнер туындыларының мағынасын, өмірлік контексттегі, әлеуметтік педагогикалық практикадағы маңыздылығын түсінуге ықпал етеді.

5	Құзыреттілік тұғыр	Болашақ мамандарға бейнелеу өнерімен өзара әрекеттесу арқылы қажетті кәсіби және жеке құзыреттіліктерді дамытуға мүмкіндік береді. Өнер арқылы дамыған эстетикалық мәдениет топта жұмыс істей білу, өнер туындыларын түсіндіре білу, балалармен және жасөспірімдермен тиімді қарым-қатынас жасай білу сияқты күрделі құзыреттіліктерді қалыптастырудың маңызды элементіне айналды.
6	Кешенділік тұғыр	Бейнелеу өнерін тереңірек қабылдауды және оның жеке дамуға әсерін қамтамасыз ететін әртүрлі әдістемелік және педагогикалық тәжірибелерді біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе өнерді түсініп, бағалап қана қоймай, оны тәжірибелік іс-әрекетте қолдануды қажет ететін болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлауда өте маңызды.

Ескерту: зерттеу материалдары бойынша авторлармен құрастырылды

Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың негізі болған әдіснамалық тұғырлардың сипаттамалары мен олардың зерттеу мәселесін шешудегі рөліне талдау жасайық.

Бейнелеу өнері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы *мәдени-антропологиялық тұғыр* өнер мен эстетикалық құндылықтардың қоғамның мәдениетімен, дәстүрлерімен және дүниетанымымен байланыстылығына назар аударады. Бұл тәсіл өнерді мәдени кодтар мен мағыналарды жеткізу құралы ретінде және болашақ әлеуметтік педагогтарға қоршаған ортаның эстетикалық және мәдени аспектілерін және олардың жеке тұлғаның дамуына әсерін түсінуге және түсіндіруге көмектесетін құрал ретінде қарастырады.

Мәдени-антропологиялық тұғырды қарастырғанда Б.Г. Ананьев, Б.М. Бим-Бад сияқты педагогикадағы антропологияны зерттеушілердің еңбектеріне назар аудару қажет. Б.Г. Ананьев бойынша педагогикалық антропология антропологияның басқа да философиялық, мәдени, психологиялық, әлеуметтік, әлеуметтік-тарихи сияқты түрлерімен алынған адам туралы білімді біріктіреді (Ильевич, 2022). Б.М. Бим-Бад педагогикалық антропологияның міндеттерін анықтай отырып, «педагогикалық антропология тәрбие теориясы мен практикасын жеке қасиеттердің табиғи әртүрлілігін есепке алу үшін эталондармен қамтамасыз ету үшін қажет» деп көрсетеді (Бим-Бад, 2016).

Антропологиялық тұғыр адамды қоғамның ең жоғары құндылығы ретінде қарастырып, адамды рухани және физикалық бастауларының бірлігінде, жеке тұлға ретінде дамуының нақты процесін құруға нұсқаулық береді. Мәдени тұғыр жеке тұлғаның қалыптасуының мәдени заңдылықтарын және құндылық бағдарларын қалыптастырудың тетіктерін анықтайды. Мәдени және антропологиялық тұғырдың бірлігі сызықтық-дискретті идеялардан одан кеңірек көзқарасқа көшуге мүмкіндік беретін көп функционалды тұғыр болып табылады.

Бейнелеу өнері мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді бейнелеудің ең күшті құралдарының бірі бола отырып, эстетикалық қабылдауды ғана емес, сонымен қатар белгілі бір мәдениетке тән белгілерді, мағыналар мен дүниетанымдарды терең түсінуді қамтиды. Мәдени-антропологиялық тұғырға сәйкес, әлеуметтік педагогтар өнер туындыларында

сыртқы форманы ғана емес, сонымен қатар мәдени контекстті де көруді үйренеді, бұл олардың әлеуметтік педагогикалық қызметі арқылы мәдени нормалар мен эстетикалық мұраттарды жақсы түсінуіне және таратуына көмектеседі.

Бейнелеу өнерінің ерекшеліктерін зерттеу болашақ әлеуметтік педагогтарға өнер туындыларының объективі арқылы қоғамдық сана, құндылықтар мен идеалдардағы өзгерістерді талдауға көмектеседі. Сондай-ақ мәдени-антропологиялық тұғырға сәйкес, болашақ әлеуметтік педагогтар антропологиялық білімді оқушылардың бейнелеу өнерімен өзара әрекеттесу арқылы рефлексия және сыни ойлау қабілетін дамыту үшін қолдана алады.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастыруда тиімді болып табылатын әдіснамалық тұғырдың келесі түрі – *аксиологиялық тұғыр*. Зерттеуде аксиологиялық тұғырды қолданудың қажеттілігі «эстетикалық мәдениет» ұғымының аксиология аумағындағы «құндылықтар» контекстінде қарастырылуымен байланысты. Бейнелеу өнері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы аксиологиялық тұғыр педагогикалық қызметтің құндылық негізіне баса назар аудара отырып, эстетикалық мәдениетті қабылдау, талдау және өнер туындыларын жасау негізінде қалыптасатын педагогтың құндылықтар жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы аксиологиялық тұғырдың артықшылықтары:

1. Студенттердің кәсіби және жеке тұлғалық өсуіне ықпал ететін моральдық мұраттарды құрметтеуге негізделген құндылықтар жүйесін дамыту арқылы әлеуметтік педагог тұлғасының құндылығын байытады.

2. Өнер арқылы әртүрлі мәдени топтардың балаларымен жұмыс істеуге көмектесетін мәдени және моральдық құндылықтардың әртүрлілігін түсінуге және құрметтеуге үйреніп, мәдениетаралық құзыреттілікті дамытады.

3. Бейнелеу өнері білім алушыларда басқаларға құрмет, гуманизм және табиғатқа деген сүйіспеншілік сияқты эстетикалық және адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу құралына айналып, білім алушыларда құндылықтардың тұрақты жүйесін қалыптастырады.

Бейнелеу өнері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы аксиологиялық тұғыр сұлулықты, моральдық мұраттарды және мәдени дәстүрлерді құрметтеуге негізделген құндылықтар жүйесін дамытуға көмектеседі. Бұл тұғыр студенттердің өнердің бір бөлшегі арқылы маңызды құндылық бағдарларды қабылдау және білім алушыларға беру қабілетін қалыптастыруға ықпал етіп, кәсіби қызметін оңтайлы жүргізуге ықпал етеді.

Бейнелеу өнері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы *жүйелік тұғыр* процесті көптеген компоненттерден тұратын біртұтас және өзара байланысты жүйе ретінде қарастыруды қамтиды. Бұл тәсілде эстетикалық мәдениеттің дамуына әсер ететін барлық элементтерді, олардың өзара әрекеттесуін, сондай-ақ болашақ әлеуметтік педагогтардың тұрақты эстетикалық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін жағдайлар мен факторларды ескеру қажет.

Жүйелік тұғыр – педагогикалық объектілердің құрылымын, олардың өзара байланысын, жұмыс жүргізу үлгісін көрсететін, белгілі бір бірлік немесе тұтастықты құрайтын элементтерден тұратын әдіснамалық құрал. Теориялық синтездеуді құрайтын

жүйелік тұғырдың негізі – жүйелеу, объектілерді тұтастыққа біріктіру (Манашева, 2020).

Бейнелеу өнері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы жүйелік тұғыр оқу процесін өзара байланысты компоненттер кешені ретінде қарастыра отырып құрылымдауға мүмкіндік береді. Бұл болашақ маманның тәрбиелік іс-әрекетте өнерді қолдануға қажетті дағдыларын тиімді дамытуға, сондай-ақ олардың эстетикалық, адамгершілік және кәсіби құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудағы жүйелік тұғыр тұтастық, интеграция, көп деңгейлік, сабақтастық сияқты бірқатар принциптерге негізделеді.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастырудың әдіснамасын құраушы әдіснамалық тұғырдың келесі бір түрі – *іс-әрекеттік-семантикалық тұғыр*, ол болашақ мамандардың эстетикалық тәрбиесін іс-әрекет арқылы, әсіресе, бейнелеу өнері мен оның мағыналық құрылымдарын түсіну негізінде қалыптастыруға бағытталады. Іс-әрекеттік-семантикалық тұғыр – педагогикалық зерттеулердегі іс-әрекет пен оның мағыналық құрылымын зерттеуге арналған (Younas and Durante, 2023). Бұл тұғыр семантика мен іс-әрекет теориясын біріктіре отырып, іс-әрекеттің мағыналық және контекстуалдық жағын қарастырады. Іс-әрекеттік тұғырдың негізгі мақсаты – адамның әрекеттері мен оның мағыналарын түсіну, сондай-ақ осы әрекеттердің қалай жасалатынын және қандай мәнге ие болатынын анықтау.

Зерттеу жұмысындағы іс-әрекеттік-семантикалық тұғыр келесідей аспектілерде көрініс табады:

1. Бейнелеу өнері арқылы әрекеттің мағыналық құрылымын ашу. Бейнелеу өнерін меңгеру барысында өнер туындыларын талдауға үйренген болашақ маман оны өзінің әлеуметтік педагогикалық қызметінде, сәйкесінше, білім алушылардың әлеуметтік ортасының (білім беру ортасы) бірінде қолдануға мүмкіндік алады. Іс-әрекеттік семантикалық тұғырда бейнелеу өнері адамның эстетикалық қабылдауын тереңдетіп, көркемдік білім арқылы мағыналық құндылықтарды түсінуге көмектеседі.

2. Әрекет = нәтиже (қалыптасқан эстетикалық мәдениет). Болашақ әлеуметтік педагогтың эстетикалық мәдениеті бейнелеу өнерімен әрекет етуі арқылы қалыптасады. Мұнда тек өнер туындысын жасау немесе оны түсіндіру ғана емес, сонымен қатар өнердің мағыналық жағын түсіну маңызды. Бұл педагогтың эстетикалық дүниетанымын кеңейтіп, оны өзінің кәсіби іс-әрекетінде қолдануға мүмкіндік береді.

3. Бейнелеу өнері әлеуметтік контекст. Әлеуметтік педагогтар үшін бейнелеу өнері тек жеке эстетикалық тәжірибе емес, сонымен қатар әлеуметтік контексті түсінуге ықпал ететін құрал ретінде қолданылады. Өнер туындылары арқылы қоғамдағы құндылықтар, мәдениет және эстетикалық нормалар талданады. Іс-әрекеттік семантикалық тұғырда бейнелеу өнері әлеуметтік шындықты эстетикалық тұрғыдан көрсету және оны мағыналық тұрғыдан түсіндіру арқылы болашақ педагогтарды қоғамға тереңірек бойлауға үйретеді.

Эстетикалық мәдениетті әлеуметтік педагогтың кәсіби мәдениеті мен құзыреттілігінің бір бөлігі ретінде қарастыру зерттеуде *құзыреттілік тұғырды* негіздеуге жол ашады. Біздің ойымызша, құзыреттілік – тұлғаның белгілі бір салада табысты әрекет етуі

үшін қажетті білім, білік, дағды және тәжірибелерінің жиынтығы. Әдетте, бұл термин адамның нақты жағдайларда немесе кәсіби қызметте өз міндеттерін тиімді орындау қабілетін сипаттайды.

Эстетикалық мәдениет болашақ әлеуметтік педагогтың кәсіби және жеке тұлғалық құзыреттілігінің бірі ретінде маңызды рөл атқарады. Сол себепті де болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда құзыреттілік тұғырдың маңыздылығын педагогтардың эстетикалық және кәсіби дағдыларын кешенді түрде дамытып, олардың әлеуметтік ортада жұмыс істеу қабілетін арттыратындығымен негіздейміз. Сондай-ақ болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы құзыреттілік тұғырдың маңыздылығын 2-кестедегі аспектілерден көре аламыз.

Кесте 2. Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы құзыреттілік тұғырдың негізгі аспектілері

№	Негізгі аспект	Мәні
1	Когнитивтік құзыреттілік (білімдік)	педагогтардың эстетикалық және кәсіби дағдыларын кешенді түрде дамытып, олардың әлеуметтік ортада жұмыс істеу қабілетін арттырады.
2	Тәжірибелік құзыреттілік (іс-әрекеттік)	студенттерге сурет салу, мүсін жасау, көркемдік жобаларға қатысу сияқты шығармашылық іс-әрекеттерді қамтитын бейнелеу өнеріне негізделген эстетикалық тәрбие дағдыларын меңгерту.
3	Коммуникативтік құзыреттілік	әлеуметтік педагог әр түрлі әлеуметтік топтармен жұмыс жасайтын әлеуметтік педагог үшін, олардың барлығымен тіл табысуы – мәселе шешімінің жартысы бола алады. Бұл тұста олар эстетикалық құндылықтарды басқаларға жеткізе білу, өнерді қоғамға таныстыру және өнер арқылы адамдармен тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларын дамытады.
4	Әлеуметтік-құндылықтық құзыреттілік	бейнелеу өнері арқылы эстетикалық мәдениетті дамытудың моральдық және әлеуметтік құндылықтарын түсінуді, болашақ әлеуметтік педагогтарға өнердің әлеуметтік рөлін, оның тәрбиелік және мәдени әсерін түсінуді үйретуді қамтиды.
5	Эстетикалық құзыреттілік	кәсіби және өмірлік тәжірибесіне сұлулық пен өнердің маңыздылығын қосып, өздерінің эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Білім беру үдерісіндегі кез келген мақсатқа жету кешенді жоспар мен соған сәйкес жұмысты қажет етеді, әсіресе болашақ маманды кәсіби даярлауда кешенділік тұғыр маңызды рөлге ие (Маркова, Бекетова и Филатова, 2020). Зерттеу жұмысымыздың негізіне алынған келесі маңызды әдіснамалық тұғырдың бірі – *кешенділік тұғыр*. Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы кешенділік тұғырдың маңыздылығы студенттердің эстетикалық мәдениетін дамыту барысында білім беру үдерісінің барлық аспектілерін және компоненттерін біріктіруге негізделеді. Кешенділік тұғыр әлеуметтік педагогтардың эстетикалық құндылықтарды игеруіне ықпал ететін теориялық білім, практикалық дағдылар, әлеуметтік және мәдени контекст, тұлғалық даму сынды элементтердің өзара байланысты жүйесін құрайды.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы кешенділік тұғырдың маңыздылығы:

1. Тұтас көзқарасты қалыптастыру: кешенділік тұғыр арқылы болашақ әлеуметтік педагогтар тек жеке бір пәнді немесе дағдыны меңгерумен шектелмейді, эстетикалық мәдениеттің барлық компоненттерін біріктіру арқылы тұтас эстетикалық және кәсіби көзқарасты қалыптастырады.

2. Тұлғаның жан-жақты дамуы: кешенділік тұғыр білім алушылардың тек кәсіби емес, сондай-ақ рухани және мәдени дамуына ықпал етеді.

3. Әдіс-тәсілдердің үйлесімділігі: кешенділік тұғыр түрлі педагогикалық дістерді (бейнелеу өнерін оқыту, шығармашылық іс-әрекеттер, жобалық жұмыс) біріктіру арқылы оқу үдерісін байытады. Бұл тұғыр болашақ педагогтардың өнер мен эстетиканы қабылдауын, оны түсінуін және өз тәжірибесінде қолдануын жетілдіруге көмектеседі.

4. Мәдени және әлеуметтік контекстті түсіну: әлеуметтік педагогтарға бейнелеу өнері мен эстетикалық мәдениеттің тек жеке тәжірибе емес, қоғамдағы құндылықтар мен нормаларды көрсететін мәдени құбылыс екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Кешенді тұғыр білім беру процесін толыққанды, үйлесімді және жан-жақты дамытуға негізделгендіктен, болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл тұғыр эстетикалық құндылықтарды меңгеруде және оларды кәсіби іс-әрекетте тиімді қолдануда болашақ педагогтарға көмектеседі.

Осылайша, болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастыруда философиялық, жалпы ғылыми, нақты ғылыми әдіснамаға негізделетін, әсіресе мәдени-антропологиялық, аксиологиялық, жүйелік, іс-әрекеттік-семантикалық, құзыреттілік, кешенділік әдіснамалық тұғырларға сүйенеді. Сондай-ақ, мақалада сілтеме жасалып, еңбектеріне шолу жасалған шетелдік және қазақстандық ғалымдардың педагогикалық зерттеулеріне жүргізілген талдау нәтижесі, аталған әдіснамалық тұғырларды педагогикалық процеске енгізудің тиімділігі мен маңыздылығын көрсетеді.

Қорытынды

Әлеуметтік педагогикалық қызметте эстетикалық мәдениет тұлғаның дамуына, құндылықтарының қалыптасуына, қоршаған әлемді эмоционалды қабылдауына және басқа адамдармен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына ықпал етуімен маңызды. Болашақ кәсіби қызметінде адамдардың әр түрлі категорияларымен жұмыс жасайтын әлеуметтік педагог үшін, эстетикалық мәдениетті дамыту өз жұмысын оңтайлы ұйымдастыруға көмектесіп қана қоймай, әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешуде көркемдік әдістерді қолдануына да мүмкіндік береді. Осы тұста, болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін тиімді дамытуға ықпал ететін құрал ретінде бейнелеу өнері таңдалған болатын. Бейнелеу өнері негізінде болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үдерісін әдіснамалық негіздеусіз жүзеге асыру мүмкін емес. Бейнелеу өнері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық тәсілдері олардың кәсіби дайындығында шешуші рөл атқарады, себебі эстетикалық қабылдау мен әлемді көркемдік тұрғыдан түсіндіру қабілеті жеке даму үшін ғана емес, болашақта балалармен және жасөспірімдермен тиімді жұмыс жасау үшін де маңызды.

Сондықтан студенттердің эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалып-

тастырудың әдіснамасын жүйелеуде мәдени-антропологиялық, аксиологиялық, жүйелік, іс-әрекеттік-семантикалық, құзыреттілік, кешенділік әдіснамалық тұғырлар басшылыққа алынды. Аталған әдіснамалық тұғырлардың әрқайсысы табысты әлеу-меттік педагогикалық тәжірибе үшін қажетті студенттерді оқытуға және олардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға кешенді көзқарасты қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жалпы, бейнелеу өнері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған әдіснамалық тұғырлар студенттердің жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Бұл олардың эмпатиялық және кәсіби дайындалған мамандарға айналуына көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар олардың шығармашылық ойлауын және балалармен жағымды қарым-қатынас орнату қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Авторлардың қосқан үлесі

Иманбакиев Е.А. – жұмыс нәтижелерін жинау, талдау және түсіндіру; мәтін жазу және оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау; жұмыстың барлық аспектілері үшін жауап беру, деректердің дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөлігіне қатысты мәселелерді дұрыс зерттеу.

Алгожаева Н.С. – зерттеу жұмысының концепциясын құру және ғылыми жетекші ретінде жариялауға арналған мақаланың соңғы нұсқасын бекіту.

Әдебиеттер тізімі:

Бим-Бад, Б.М. (2016) Педагогическая антропология. М.: Юрайт.

Ежова, П.А. (2021) «Эстетическая культура, ее сущность и структура», Актуальные исследования, 1 (28). стр. 63-65. Қолжетімді: <https://apni.ru/article/1735-esteticheskaya-kultura-ee-sushchnost-i-strukt> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 17 сәуір)

Ильевич, Т.П. (2022). Психолого-педагогическая антропология. Тирасполь: ПГУ. ҚР Білім және ғылым министрлігі (2020) «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» №145 бұйрық. Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020400> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 17 сәуір)

ҚР Оқу-ағарту министрлігі (2022) «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы бұйрық. Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149#z62> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 17 сәуір)

Манашева, Г.Н. (2020) «Педагогическая система подготовки будущих педагогов-психологов на основе практико-ориентированного обучения», Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы, Педагогика ғылымдары сериясы, №1 (65), с.141-146. <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.25>

Маркова, С.М., Бекетова Ю.А., Филатова Е.В. (2020), «Комплексный подход как основа исследования профессионального образования», Проблемы современного педагогического образования, №67-3. Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/kompleksnyy-podhod-kak-osnova-issledovaniya-professionalnogo-obrazovaniya> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 17 сәуір)

Таубаева, Ш.Т. (2013) Педагогика әдіснамасы. Алматы: Қарасай.

Таубаева, Ш.Т. (2016) Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Алматы: Қазақ университеті.

Rezaldi, M. Y., Kadir, R. A., Ijab, M. T., Ahmad, A., Soewardikoen, D. W., & Apip, A. (2020), 'Identification of Aesthetic Values for Visualization Media of Flood Disaster Modeling', Journal of Visual Art and Design, 12(2), pp. 120-131. <https://doi.org/10.5614/j.vad.2020.12.2.3>

Staikidis, K. (2024), 'Breathing Theory Into Practice: Art Education in These Times', *Studies in Art Education*, 65(3), pp. 277–283. <https://doi.org/10.1080/00393541.2024.2385278>

Świątek, A. H., & Szcześniak, M. (2023), 'The Ability to Integrate Beauty Scale (AIBS): Construction and Psychometric Properties on a Scale for Measuring Aesthetic Intelligence as a Resource for Personal Development', *Psychology Research and Behavior Management*, 16, pp. 1647–1662. <https://doi.org/10.2147/PRBM.S407553>

Vihalem, M. (2018), 'Everyday aesthetics and Jacques Rancière: reconfiguring the common field of aesthetics and politics', *Journal of Aesthetics & Culture*, 10 (1). <https://doi.org/10.1080/20004214.2018.1506209>

Younas, A., & Durante, A. (2023), 'The Logics of and Strategies to Enhance Generalization of Mixed Methods Research Findings', *Methodology*, 19 (2), pp. 170-191. <https://doi.org/10.5964/meth.10863>

Е.А. Иманбакиев*¹, Н.С. Алгожаева²

^{1,2}*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

Методологические подходы формирования эстетической культуры будущих социальных педагогов через изобразительное искусство

Аннотация. Для социального педагога, работающего с различными категориями людей в будущей профессиональной деятельности, формирование эстетической культуры не только помогает оптимально организовать профессиональную работу, но и позволяет использовать художественные приемы при решении социально-педагогических проблем. В социально-педагогической деятельности эстетическая культура важна тем, что способствует развитию личности, формированию ценностей, эмоциональному восприятию окружающего мира и установлению гармоничных отношений с другими людьми. Для систематизации процесса формирования эстетической культуры будущих социальных педагогов необходимо обоснование ее методологии. В связи с этим целью статьи является обоснование методологических подходов формирования эстетической культуры будущих социальных педагогов через изобразительное искусство. В статье анализируется эстетическая культура и ее значимость в социально-педагогической деятельности в рамках отечественных и зарубежных научных педагогических трудов, представляется модель значимости эстетической культуры в социально-педагогической деятельности. На основе научных исследований, методологический подход определяется как «основной путь решения поставленных исследовательских задач, а также направление и стратегия решений». Методологической основой формирования эстетической культуры будущих социальных педагогов через изобразительное искусство определены культурно-антропологические, аксиологические, системные, деятельностно-смысловые, компетентностные, комплексные подходы, выбранные в целях решения основной проблемы исследования. Эти методологические подходы способствуют обеспечению комплексного подхода к обучению студентов и формированию их эстетической культуры, необходимой для успешной социально-педагогической практики.

Ключевые слова: подготовка социальных педагогов, формирование эстетической культуры, методологические подходы.

Y.A. Imanbakiyev*¹, N.S. Algozhayeva²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Methodological approaches to the formation of the aesthetic culture of future social educators through visual art

Abstract. For a social pedagogue who works with various categories of people in future professional activities, the formation of aesthetic culture not only helps to optimally organize professional work, but also allows the use of artistic techniques in solving socio-pedagogical problems. Aesthetic culture is important in social and pedagogical activities because it contributes to the development of personality, the formation of values, the emotional perception of the world around us, and the establishment of harmonious relationships with other people. To systematize the process of forming the aesthetic culture of future social educators, it is necessary to substantiate its methodology. In this regard, the purpose of the article is to substantiate methodological approaches to the formation of the aesthetic culture of future social educators through fine art. The article analyzes aesthetic culture and its importance in socio-pedagogical activity within the framework of domestic and foreign scientific pedagogical works, and presents a model of the importance of aesthetic culture in socio-pedagogical activity. Based on scientific research, the methodological approach is defined as "the main way to solve the set research tasks, as well as the direction and strategy of solutions." The methodological basis for the formation of the aesthetic culture of future social educators through the visual arts is cultural-anthropological, axiological, systemic, activity-semantic, competence-based, and integrated approaches chosen to solve the main problem of the study. These methodological approaches contribute to providing an integrated approach to student learning and the formation of their aesthetic culture, which is necessary for successful socio-pedagogical practice.

Keywords: training of social pedagogues, formation of aesthetic culture, methodological approaches.

References

- Bim-Bad B.M. (2016) *Pedagogicheskaja antropologija* [Pedagogical Anthropology]. M.: Jurajt. (In Russian)
- Ezhova, P.A. (2021) 'Jesteticheskaja kul'tura, ee sushhnost' i struktura' [Aesthetic culture, its essence and structure], *Aktual'nye issledovaniya*, 1 (28). pp. 63-65. Available at: <https://apni.ru/article/1735-esteticheskaya-kultura-ee-sushchnost-i-strukt> (Accessed: 17 April 2025) (In Russian)
- Il'evich T.P. (2022) *Psihologo-pedagogicheskaja antropologija* [Psychological and pedagogical anthropology]. Tiraspol: PGU (In Russian)
- QR Bilim және ғылым министрлігі [Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan] (2020) 'Pedagog lauazymdarynyñ tızbesin bekıtu turaly' №145 bürıyq [Order No. 145 'on approval of the list of teacher positions'] Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020400> (Accessed: 19 April 2025) (In Kazakh)
- QR Oqu-agartu ministrligi [Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan] (2022). 'Pedagog» käsıptık standartyn bekıtu turaly bürıyq' [Order on approval of the professional standard "teacher"] Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149#z62> (accessed: 19 April 2025) (In Kazakh)

Manasheva G.N. (2020) 'Pedagogicheskaja sistema podgotovki budushchikh pedagogov-psihologov na osnove praktiko-orientirovannogo obuchenija' [The pedagogical system of training future teachers-psychologists based on practice-oriented education], Abaj atyndagy QazUPU Khabarshysy, Pedagogika gylymdary serijasy, №1 (65), pp.141-146. <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.25> (In Russian)

Markova S.M., Beketova Ju.A., Filatova E.V. (2020), 'Kompleksnyj podhod kak osnova issledovaniya professional'nogo obrazovaniya' [An integrated approach as a basis for professional education research], Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya, №67-3. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/kompleksnyy-podhod-kak-osnova-issledovaniya-professionalnogo-obrazovaniya> (accessed: 19 April 2025) (In Russian)

Taubaeva Ş.T. (2013) Pedagogika ädisnamasy [Methodology of pedagogy]. Almaty: Qarasai. (In Kazakh)

Taubaeva Ş.T. (2016) Pedagogikanyñ filosofiasy jäne ädisnamasy [Philosophy and methodology of pedagogy]. Almaty: Qazaq universiteti. (In Kazakh)

Rezaldi, M. Y., Kadir, R. A., Ijab, M. T., Ahmad, A., Soewardikoen, D. W., & Apip, A. (2020), 'Identification of Aesthetic Values for Visualization Media of Flood Disaster Modeling', Journal of Visual Art and Design, 12(2), pp. 120-131. <https://doi.org/10.5614/j.vad.2020.12.2.3>

Staikidis, K. (2024), 'Breathing Theory Into Practice: Art Education in These Times', Studies in Art Education, 65(3), pp. 277-283. <https://doi.org/10.1080/00393541.2024.2385278>

Świątek, A. H., & Szcześniak, M. (2023), 'The Ability to Integrate Beauty Scale (AIBS): Construction and Psychometric Properties on a Scale for Measuring Aesthetic Intelligence as a Resource for Personal Development', Psychology Research and Behavior Management, 16, pp. 1647-1662. <https://doi.org/10.2147/PRBM.S407553>

Vihalem, M. (2018), 'Everyday aesthetics and Jacques Rancière: reconfiguring the common field of aesthetics and politics', Journal of Aesthetics & Culture, 10 (1). <https://doi.org/10.1080/20004214.2018.1506209>

Younas, A., & Durante, A. (2023), 'The Logics of and Strategies to Enhance Generalization of Mixed Methods Research Findings', Methodology, 19 (2), pp. 170-191. <https://doi.org/10.5964/meth.10863>

Авторлар туралы мәліметтер:

Иманбакиев Е.А. – хат-хабар авторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының 3 курс докторанты, Масанчи, 39 көшесі, 050012, Алматы қаласы, Қазақстан.

Алгожаева Н.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор м.а., Масанчи, 39 көшесі, 050012, Алматы қаласы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Иманбакиев Е.А. – автор для корреспонденции, докторант 3 курса кафедры «Педагогика и образовательный менеджмент», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, улица Масанчи, 39, 050012, город Алматы, Казахстан.

Алгожаева Н.С. – кандидат педагогических наук, доцент, и.о. профессора, заведующая кафедрой «Педагогика и образовательный менеджмент», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, улица Масанчи, 39, 050012, город Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Imanbakiyev Ye. – 3rd doctoral student of the Department of "Pedagogy and Educational Management", Al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi Street, 050012, Almaty, Kazakhstan.

Algozhayeva N. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Acting Professor, Head of Department "Pedagogy and Educational Management", Al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi Street, 050012, Almaty, Kazakhstan.